

## **БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аннотация. Мақалада бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктері жайлы айтылады. беріледі. Кіші мектеп жасындағы баланың шығармашылық қабілетін дамыту тәсілдері мен танымдық қызығу қалыптастырудың жағдайлары қарастырылады.

Кілт сөздер: шығармашылық қабілеттер, танымдық қызығушылық, мақал-мәтел, ертегі, ойын, оқу әрекеті.

Шығармашылыққа және зерттеуге деген қабілеттер белгілі жағдайларда дамиды және кіші, жасөспірімдер және жетілген жаста үздіксіз жетілдіріледі. Олардың ерте даму кезеңінде жас адамның еңбек дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру мен тәрбиелеудің маңыздылығын түсінетін ата-аналардың рөлі зор, себебі баланың қабілетіне ата-аналардың назары оның дарындылығын дамытудың ұйымдастырушысы болып табылады.

Болашақ зерттеушінің қабілетін қалыптастыруда оның ерте жастағы жан-жақты дамуы маңызды мәнге ие. Есте сақтау, байқағыштық, білім алу және зеректілік сияқты шығармашылықты жетелейтін қабілеттердің көпшілігінің тамыры 5 жасқа дейінгі балаларда айтарлықтай дамытылып, бекітілуі тиіс. Ол үшін балалармен жұмыс жасаудың көптеген тәсілдері бар, алайда олардың ішінде ең тиімді ойындар және одан әрі міндетті түрде іздеу және ойлау қажеттілігі, қойылған міндеттерді шешу жолдарын ойластыру тәрізді шығармашылық элементтері бар әр түрлі сыныптан тыс сабақтар болып табылады.

Бала өміріндегі, әсіресе мектепке дейінгі және кіші мектеп жасындағы ойындар - ең маңызды іс. Онда ең алдымен жеке тұлғаның шығармашылық қабілеті дамиды.

В. А. Сухомлинский: «Баланы білім қоймасына, шындық қоймасына, ережелер мен формулаларға айналдырмау үшін, оны ойлауға, құбылыстардың мәніне дейін жинақтауға, олардың себептері, пайдалылығы, кемшіліктері туралы пайымдауға үйрету керек» [1] - деген. Бұл болашақ зерттеуші, өнертапқыш, шығармашыл балаға қажет.

Ойыншықтар мен ойындар баланың өмірінің алғашқы күнінен бастап кіреді және көптеген жылдар бойы оның серіктері болып табылады. Алдымен бұл текшелер, содан кейін қуыршақтар, құрылыс жинақтары, конструкторлар, машиналар. Ойынға барлық балалар қызығушылық танытады, сондықтан қабілеттердің дамуы өте тиімді. Ойын барысында баланың физикалық, ақыл-ой және эстетикалық дамуы және оның шығармашылық іс-әрекетке қабілеттілігі, мінез-құлқы, ерік-жігері және жалпы жеке тұлға қалыптасады.

Мектеп бағдарламасында ауыз әдебиетінің бір бөлімі ретінде жұмбақтар бірінші сыныптан бастап оқулықтарға ендірілген. Әдеби кештерде, мерекелік кештерде, өнерпаздар мен ой тапқыштар жарысында жұмбақ жасыру, жұмбақ айтысу ерекше орын алады. Жұмбақтардың дүниетанымдық, ой дамытарлық, шығармашылық мәні ерекше.

Сондай-ақ оқушының шығармашылығын дамытуда ертегінің алар орны ерекше. Ол баланы қызықтырады, қиялын дамытады, сөзді тыңдай білуге үйретеді, оның адами ізгілік қасиеттерін тәрбиелейді, тілін ширатып, жан дүниесін, мінез-құлқын қалыптастырады, жеке тұлға ретінде қалыптасуға, жеке даралық дарын нышандарын дамытып, жетілдіреді. Ертегілер сан алуан, оларды: айуанаттар туралы ертегілер, қиял-ғажайып ертегілер, тұрмыс-салтқа байланысты ертегілер, батырлық ертегілер, күлдіргі, тұрмыстық ертегілер деп бірнеше топқа бөлуге болады. Ертегілер баланың қиялын шарықтатады. Оқушыларға ертегіні жатқа әңгімелеп айтып беру, саналау, кейіптендіру арқылы, олардың тұлғалық қасиеттері мен мінез-құлқы дағдыларын қалыптастыруға үлкен ықпал етуге болады. Өйткені, сөздің рөлі ерекше, сөз тікелей қабылдауды тиянақтап, жинақтай түседі. Ертегі – бастауыш сынып жасындағы балалардың қызығушылығын, шығармашылығы қалыптастырудың бірден-бір құралы.

Ұлы Абай атамыз мақал-мәтелдерді жоғары бағалай келіп, «оны да талғап пайдалану керек» - дейді [2]. Мақалдар - нақыл, өсиет түрінде айтылатын философиялық ой түйіндері, сөз мәйегі.

Мақалдар, көбінесе өлеңдік өрнекпен, сабырлы, салмақты ырғақпен айтылады, қара сөзбен, яғни шешендікпен айтылатын мақалдар да бар. Мақал, негізінен, екі бөлімнен (көбінесе екі тармақтан) құралады. Бірінші бөлімде пайымдау (айтатын ойдың түп негізі), екінші бөлімде ой қорытындысы айтылады («Еңбек етсең, емерсің»). Тура мағынада («Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей»), ауыспалы мағынада («От жақпаған үй - қорамен тең, адам кірмеген үй - моламен тең») қолданылатын мақалдарды, көбінесе халық шығарған. Жыраулар мен ақындар, ел басылары мен батырлар, зиялы адамдар шығарған (авторы белгілі) мақалдар мен мәтелдер де өте көп. Оқыту процесінде мақал-мәтелдерді пайдалана отырып, біз біріншіден, оқушыларға тәрбие беруді жүзеге асырамыз, тіл дамыту, астарлы мағынасын түсіну, грамматикалық, лексикалық білім беруді көздейміз, екіншіден, мақал-мәтел логикалық образдық ойдың қос қанаттанған ғажап табысы болғандықтан, оқушылардың танымдық процестерін дамытуға қол жеткіземіз.

Орыстың ұлы педагогы К.Д.Ушинский мақал-мәтелдерді баланың тәрбиесі мен жеке адамның қалыптасуындағы сан ғасырлық тәжірибенің қорытындылаушы педагогика әдісі деп санады [3].

Оқушы тұлғасын қалыптастырып, шығармашылықты дамытуда айтыс өнерінің орны ерекше. Айтыс шешендік сөзбен де, өзара күй тартысу арқылы да, кезектесіп айтылған суырып салма өлең мен де болуы мүмкін. Мұның қай түрін алып қарасақ та, сезімтал тапқырлықпен, қиыннан қиыстыратын шеберлікпен қатар, шығармашылық қамтылады. Айтыста жеке тұлғаға үлгі-өнеге болатын әсемдікті нақышына келтіріп бейнелейтін теңеулер, ұшқыр ойлар, шешендік нақыл сөздер жиі айтылады. Демек, айтысты тыңдап, балалар айтысына қатысып өскен балалар биік қасиеттерінің қалыптасуына, дүниетанымы мен мінез-құлық дағдыларын дұрыс қалыптастыруға, мәдениетінің дамуына, өз алқының ән-күйіне деген сүйіспеншілігін арттырады, эстетикалық талғамын, жан сезімін жетілдіре отырып жеке тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізеді.

Шешендік сөздер баланы сөз қадірін білуге үйретеді, философиялық, данышпандық ой мен өткір сөздің мән-мағынасын сезініп, терең ойлауға, тауып сөйлеуге құлшындырады, ой қисындарын кеңейтіп, сөз өнеріне қызықтырады. Демек, балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында жоғарыда айтылған халық ауыз әдебиеті жанрларының маңызы зор.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту мақсатында келесі сабақтардың маңызы зор:

- табиғаттан сурет салу, мүсіндеу, құрастыру, қиялды дамытатын жұмыстар;
- есте сақтау, бақылау, зейінділік, ақыл-ой дамытатын ойындар;
- еркін және моральдық қасиеттерді тәрбиелейтін спорттық ойындар;
- өз мінез-құлқының үлгіге (рөлге) бағынуда орын алатын рөлдік ойындар.

Алты жасында ұйымдастырушылық, конструктивтік-техникалық қабілеттерді байқауға болады. Ұйымдастырушы қабілеті бар балалар ойындардың бастамашылары болады, рөлдерін бөледі, басқалардың ойынын бағалайды, ойынның сюжетін өзгертеді.

Конструктивтік қызметке қабілеттер, мысалы, заттың элементтері арасындағы кеңістіктік қатынастарды оңай орнату, Тіреу бөлшектерін, конструкция тораптарын тез бөлу, конструкторлық-техникалық тапсырманы шешуге өзгерістер енгізу білігінде көрінеді.

Бұл қабілеттер ойын үшін қажетті құрылыстарды салу процесінде; контурлар, схемалары бойынша, шарттары бойынша, ойы бойынша конструкциялау кезінде; конструктормен эксперименттеу кезінде неғұрлым белсенді көрінеді.

Тұлғаның жан-жақты дамуындағы шығармашылықтың рөлі соншалықты үлкен, бұл оны әмбебап қабілет ретінде қарастыруға негіз береді, ол қызметтің әр түрлерінің табысты орындалуын қамтамасыз етеді. Шығармашылыққа қандай дәрежеде қалыптастырылғандығы, көбіне мұғалімдер, ата-аналар, олардың назарын осы проблемаға ынталандыру шығармашылығына байланысты. Бұл ретте балалардың қоршаған ортаға қызығушылығын туғызу, оны түсінуге ұмтылу, баланы шығармашылық үрдісімен қызықтыруы маңызды [4].

Қызығу – танымдық іс- әрекеттің қозғаушы күші. Оқушының қызығу жәрдемімен оқып – үйрену барысында қабілеті ашылып, дарыны ұшталады, өз күшіне, мүмкіндігіне сенімі артады, кісілігі қалыптасып, дара тұлғалық сипаттарға ие бола бастайды.

Танымдық қызығу оқыту мен тәрбиелеу нәтижесінде қалыптасады. Педагогикалық әдебиеттерде оны қалыптастырудың үш жағдайы туралы жиі айтылады.

Біріншісі – оқытудың мазмұны мұндағы оқушыларды қызықтыратын мазмұнның берілу түрі, жаңалығы, ғылым мен тениканың соңғы табыстары, таңдандыратын тарихи деректер, ғылыми білімнің іс жүзінде қолданылуы, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырының ашылуы.

Екіншісі – оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын және әдістерін жетілдіру. Бұған жататындар: сабақтың дәстүрлі емес түрлерін өткізу, оларда қолданылатын теникалық және көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру: танымдық ойындар ұйымдастыру; проблемалық және интегративті ұстанымдарды жүзеге асыру; пәнаралық және пәнішілік байланыстарды тудыру; ғылымның өмірмен, өндіріспен, теника және экологиямен байланысын ашып көрсету; оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын және өздігімен білім алуды тиімді ұйымдастыру; шығармашылық және зерттеу жұмыстарын белсенді қалыптастыру; білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану арқылы оқытудағы кері байланысты жетілдіру.

Үшіншісі – мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым- қатынаста сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету. Оқушы өзі ұнатпайтын мұғалімнің пәніне ешқашан қызықпайды. Оқушылар өзара сыйласа алмайтын, тәртіп жиі бұзылатын сабақтардан тезірек құтылуға тырысады.

Оқу – мектеп жасындағы балалардың негізгі таным әрекеті. Баланың жалпы психикалық дамуы мектептегі оқу мен оның өздігінен оқуына тығыз байланысты [5].

Баланың оқу әрекеті – күрделі, жан-жақты үрдіс, ол баланың барлық әрекетін, рухани күштерін керек етеді. Баланың ақыл-ой еңбегі белсенді әрекет болуға тиісті. Ол оқушының жалпы психикалық даму ерекшеліктеріне байланысты болады. Баланың ақыл-ой әрекеті, оның қажеттері мен қызығулары, сезім мен ерік сияқты т.б. психикалық үрдістерімен байланысты іске асырылып отырады. Оқушының өздігінен оқуының жемісті болуы үшін ақыл-ой еңбегінің дағдыларын қалыптастыру керек.

А.Н.Леонтьев былай деп жазды: «..баланың дамуының бір сатысынан екінші сатыға ауысуының белгісі қызметтің жетекші түрінің өзгеруі, баланың шындыққа қатынасы болып табылады» [6]. Яғни, шамасына қарай тұлға ретінде қалыптасуы, оның өсіп қажеттіліктерін қиындатуға алып келетін өз іс-қимыл, қызметі. Ата-аналар балаға әдебиетті, спорттық құрал-саймандарды, конструкторларды, қарапайым машиналарды, механизмдерді, үстел үсті және едендік ойындарды сатып алуға уақытында қамқорлық жасауы тиіс. Ойын қиындата отырып, мақсатқа жету үшін қызығушылықты арттыруға ұмтылу керек.

Ойынды тек қана оқуға айналдыруға болмайды, баланы өз бетінше әрекет жасауға итермелеуге, оның міндеттерін қоя білуге және оларды шешуде қиындықтарды жеңуге дағдыландыру қажет.

Айқын білінетін қабілеті бар (математикалық, конструктивтік, көркемдік) оқушыларда ой-өрісін дамыту қажеттілігі және өздігінен білім алу қажеттілігі, нақты ойындар мен практикалық сабақтардың тақырыптары бар клуб және мектеп үйірмелеріне белсенді қатысу қажеттілігі сөзсіз туындайды.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігінің дамуы көбінесе баланы мектептегі қоршаған ортасына байланысты. Шығармашылық белсенді оқушылар сұрақтар қоюға, күмән айтуға, мұғаліммен келіспеуге бейім, нәтижесінде олар мұғалімдер мен құрдастары тарапынан психологиялық тұрғыдан қабылданбайды.

Сыныпта қолайлы психологиялық климат жасаудағы басты рөл мұғалімде. Егер мұғалім оқушының шығармашылық белсенділігіне қарсы болса, онда шығармашылық бастамасы басылып қалуы мүмкін.

Оқушылардың шығармашылық белсенділігін қолдау және дамыту әр түрлі жолдармен жүзеге асырылуы мүмкін. Бір әдіс - тәсілдер бір балаға, басқалары басқаларға жарамды болады. Мұғалім өз оқушыларының шығармашылық белсенділігін дамыту үшін жол таңдауда еркін болуы тиіс.

Мұғалім әр баланың шығармашылық көріністерінде өзін-өзі құрметтеуге деген өзіндік бағалауын қолдайды және жақсартады. Оқушылардың өзіндік ерекшелігі шығармашылықтың маңызды белгісі екенін көрсетеді. Табысты көтермелейді және сәтсіздіктерге көңіл бөлмейді. Баланың қателіктері жазалауға себеп емес, жинақталған тәжірибе ретінде қарастырылады. Сыныптағы ахуал оқушылардың қателіктерін азайтып, олардың талпыныстары мен ынталарын қолдап, тіпті сәтсіз жағдайда да шығармашылық белсенділік танытуы керек.

Мұғалім бірнеше жауап табуға болатын ашық сұрақтарды пайдалана отырып, шығармашылық ойлауды ынталандыратын сұрақтарды өзі қоя алады. Бір дұрыс жауабы бар сұрақтар («жабық» сұрақтар) фактілерді білуді анықтау үшін қажет, бірақ олар шығармашылық белсенділікті ынталандырмайды.

Сыныптағы ахуал оқушылардың еркін сөйлеуін, сұрақтары мен өзара әрекеттесуін қамтамасыз етуі тиіс. Оқу жағдайларын, сұрақтарды, пікірталастарды жоспарлау қажет, балалар олардың қатысуы құпталады және бағаланатынын біледі [7].

Маңызды сәт - басқаларды тыңдау қабілеті. Әр түрлі көзқарасты салыстыру оқушыларға жағымды танымдық жанжал жағдайында өзінің шығармашылық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Мұғалімге балалардың көркемдік іс-әрекетінде шығармашылық бастаудың бар-жоғы туралы қандай көрсеткіштер бойынша айтуға болатынын білу маңызды. Міне, олардың негізгілері:

1. Балалардың шығармашылыққа деген қатынасын сипаттайтын көрсеткіштер: шынайылық, әуестенушілік, іс-әрекетпен қамтамасыз етілуі, ерік-жігердің жандануы; бейнеленетін мән-жайларға, шартты жағдайларға «ену» қабілеттілігі; шығармашылық міндеттерді табысты шешуге мүмкіндік беретін арнайы көркем қабілеттер(бейнелі көрініс, поэтикалық, музыкалық есту).

2. Шығармашылық іс-әрекеттер сапасының көрсеткіштері: толықтырулар, өзгерістер, вариациялар, таныс материалды түрлендіру, меңгерілген ескі элементтердің жаңа комбинациясын құру, жаңа жағдайларда белгілі қолдану; өздігінен ізденістер, тапсырманың ең жақсы шешімінің сынамалары, ескілері жеткіліксіз болған жағдайда шешімдердің жаңа тәсілдерін табу; реакциялардың жылдамдығы, әрекеттердегі тапқырлық, жаңа жағдайларда жақсы бағдарлау; шығармашылық тапсырмаларды шешудің бірегей тәсілдерін табу.

3. Балалар көркем шығармашылығы өнімдерінің сапа көрсеткіштері: суреттегі, ойын-драматургиядағы бейнелерді іске асыру үшін барабар мәнерлі құралдарды табу, өз көзқарасын орындау және білдіру мәнерінің ерекшелігі; балалар өнімінің қарапайым көркем талаптарға сәйкестігі.

Ең кішкентай қатысушылардың қабілеттерін қалыптастырған кезде басқа жаққа да жол бермеу маңызды. Мектепке түсу кезінде біраз үміт білдірген бала жақын арада бұрынғы артықшылық пен оның қабілетінің «өшіп» жоғалтатын жағдайлар жиі кездеседі. Неліктен? Олардың дамуын не тежейді? Әрине, бұл жерде себептер әртүрлі болуы мүмкін, бірақ жиі кездесетін балалардың бірі-еңбекқорлықтың, шыдамдылықтың, табандылықтың болмауы, оған тәрбиелеудегі кемшіліктер себеп болды. Мысалы, бала дарындылығының жеке жағдайларын зерттеген психолог Н. С. Лейтес: « ... еңбекке, ақыл-ой шиеленісіне бейімділік - дарындылықтың негізгі факторы. Еңбекке бейімділік-бұл ілеспелі құбылыс емес... ал көп жағдайда жетістіктер сапасын анықтайды» - деп жазады ол [8].

Кейбір балалардың қабілеті ерте көрінеді. Осындай балаларға деген қарым-қатынас қандай болуы керек? Баланың қабілетін одан әрі дамыту керек. Сурет салуға қабілетті балаға сыныпта қалған балаларға қарағанда қиын тапсырмалар берген кезде, олардың нәтижелеріне жоғары талаптар қойған, басқаларға көмектесуге ұмтылысты дамытқан мұғалімдер дұрыс түседі. Баланың қалыптасқан мүдделерін қолдау, сонымен қатар оның дамуында бірқалыпты болуына жол бермеу, бұл мүдделерді оның жеке тұлғасының басқа жақтарын тартатын рычаг ретінде пайдалану маңызды. Жетекші қызығушылық тұлғаның жан-жақты дамуының «қозғаушы күші» болуы керек.

Ересектердің баланың қабілетіне деген дұрыс қарым-қатынасы оның бірқатар жағымсыз қасиеттерінің (сана, жоғары өлшем, тыңғылықты, өзімшілдік және т.б.) пайда болуына әкелуі мүмкін.

Өз дарындылығын ерте көрсете алмаған балалар да ерекше назар аударуды талап етеді. Баланың қабілеті әрқашан көріне бермейді, сондықтан оларды іздеу керек. Бұл қиын еңбек, алайда, ол қажет, өйткені әрбір адам өзінің мүдделерін дұрыс анықтау және қабілеттерін дамыту кезінде қызметтің бір немесе бірнеше түрлерінде көрсете алады. Адамның ішкі әлемін, оның бейімділігін, мүдделерін зерделеу, баланың мүмкіндіктерін, түрлі қызмет түрлерінде тану қажет. Бұл білім саласын, баланың неғұрлым қабілетті қызмет түрін анықтауға және қабілеттілікті дамыту үшін барабар әдістерді табуға көмектеседі [9].

Балалардың мүдделерін зерттеу, қабілеттерін ашу және дамыту бойынша жұмыста барлық ересектер – мұғалім, тәрбиеші, ата – аналар өз күш-жігерін біріктіруі тиіс. Олардың әрқайсысының әр түрлі жағдайларда, әр түрлі қызмет түрлерінде баланы бақылауға мүмкіндігі бар. Өз бақылауының

нәтижелерімен алмасып, оларды бірлесіп талқылаған жөн. Сол кезде тәрбиеге қатысы бар әрбір ересек адамның көру шегі кеңейеді және баланың жеке басы толық түрде көрінеді.

Әдебиеттер:

1. Сухомлинский В.А. Избранные педагогические труды.- М., 1999.
2. Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т.1. – Алматы: Жазушы, 2005.
3. Ушинский К.Д. Избранные педагогические сочинения. В 2- т.-М.:Педагогика, 1984.
4. Формирование творческих способностей: сущность, условия, эффективность. Сб. науч. тр. - Свердловск, СИПИ, 2010.
5. Капинос В.И. Активизация методов работы по развитию речи.- М., 2020
6. Кадирбаева Р.І. Болашақ мұғалімдерді оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытуға кәсіби даярлаудың ғылыми-педагогикалық негіздері пед.ғыл.докт...дисс.автор. – Алматы, 2010.
7. Клименко В. В. Психологические тесты таланта. – Харьков: «Фолио», 2016.
8. Лейтес Н.С. Способности и одаренность в детские годы. – М., 1984.
9. Омарова Р.С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері: пед.ғыл.докт...дисс.автор. – Түркістан, 2008.

**Намазбаева Ж. Ж., Садвакасова К.К.**  
**«Сәкен Сейфуллин атындағы гимназиясы» КММ, Қарағанды қ.**

### **ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

Аннотация. Бұл мақалада тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар, бүгінгі мектеп оқушыларының, қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында оқу сауаттылығын арттыру қаралған. Мәтінмен жұмыс жасау барысында оқушы алған білімін өмірдің түрлі жағдаяттарында қолдануға және дұрыс шешім қабылдауға үйрету мақсатында сабақта әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, шығармашылық, сыни ойлау қабілетін дамыту көзделген.

Кілт сөздер: оқу сауаттылығы, мәтінмен жұмыс, негізгі және қосымша ақпарат, білімді қолдану, меңгерген білім.

Қазіргі таңда әлемдегі болып жатқан өзгерістерге тез бейімделе білетін тұлға қажет. Сондықтан оқушының білім деңгейі мен білімділігіне қойылатын талаптарды арттыру керетігіне көзіміз жетіп отыр. Бәсекеге қабілетті мемлекет алдында тұрған міндеттердің бірі- дүниежүзілік білім әлеміне ену. «Күш білекте емес, білімде» дегендей, оқушыны алға сүйрейтін күш тек білімде ғана. Халықаралық стандарттар талаптарына сай оқыту үдерісінің орталық тұлғасы білім алушы субъект, ал ол субъектінің алған білімінің түпкі нәтижесі құзыреттіліктер болып белгіленуі білім беру жүйесінде функционалдық сауаттылықты қалыптастыру мәселесін негізге алудың өзектілігін арттырып отыр. Өмірлік міндеттерді шешу үшін алған білімді қолдана алу дағдысы, яғни өмірдегі барлық мәселелердің шешімін табудың бірден-бір жолы- функционалдық сауаттылық. Бұл - өмірмен тығыз байланысты, бүкіл өмірдегі мәселелерді қарастыратын пән. Ол өмір бойы білім алуына ықпал етеді, яғни бүгінгі қарқынды дамып жатқан қоғамда заман ағымына қарай ілесе отырып, меңгерген білімді өмір тәжірибесінде қолдана алуы мен жетілдіріп отыруына септігін тигізеді. Бұл функционалдық дағдылар мектеп қабырғасында қалыптасады. Халықаралық деңгейдегі зерттеулерде функционалдық сауаттылық 3 бағытта қарастырылады. 1) оқу сауаттылығы, 2) математикалық сауаттылық, 3) жаратылыстану бағытындағы сауаттылық. [1]

Ертеңгі күні елімізге ие болып, тәуелсіз еліміздің тізгінін ұстар азаматтар- бүгінгі мектеп оқушылары. «Оқу-өмірдің сәні, тіршіліктің шамы», -деп Сәкен Сейфуллин Алаш ардақтысы айтып кеткендей, оқу-адамның зияткерлік мәдениетінің көрсеткіші. Оқу арқылы адам жетіледі, жаңа нәрселерді үйренеді, ақыл-ойы дамиды. Бұл үрдіс адамның өмірінің соңына дейін жалғасады. Мәтін мазмұнының әртүрлілігі оқушының жеке қабілеттерін қалыптастырады. Оқу сауаттылығы мәтіндерді меңгеруге негізделген.[2]